

Географиялық сауаттылығы төмен елдер экономикалық тұрақсыз, ішкі қақтығыс салдарынан және басқа да мәселелерді келтіруге бағытталады. Географиялық сауатсыз елдер денін Африка және Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін жатқызсақ болады. 3-суретте көрсетілген мемлекеттерден бөлек, тестілеуге қатысуға мүмкіндігі жоқ мемлекеттерде тізімді толықтыруда. Нақты деректердің болмауы, аталған мемлекеттердің географиялық сауаттылығын қай деңгейде екенін анықтап бере алмайды.

Халық санының көп болуымен байланысты, әлеуметтік қоғамда өзіндік орны бар Үндістанда географиялық сауаттылық туралы нақты деректер көрсетілмеген. Мемлекеттің өзінде жалпы сауаттылықтың орта деңгейде екенін ескерсек, оның ішінде география саласына көңіл бөліну деңгейі аса төмен. Әлеуметтік теңсіздіктің болуы, кедей халықтың басым болуы сауаттылықтың төмендеуіне әкеледі. Білімнің қарапайым халық қолжетімсіз болуы осы мемлекеттегі сауатсыздық деңгейінің төмен болуына тағы бір нақты фактор бола алады. Үндістандағы географиялық білім деңгейі жалпы тұлғаның қоныстанған жеріне және инфрақұрылымға байланысты өзгеріп отырады.

Сондай-ақ, Бразилияда да халықтың географиялық білім деңгейі туралы деректер шектеулі. Бұл елдің ірі қалаларында Рио-де-Жанейро, Сан Паулу сияқты қалаларда сауаттылық деңгейі жоғары, алайда жағалаудан алыс жатқан елді мекендермен салыстырғанда аралары жер мен көктей.

Көптеген Африка елдеріне тән сауаттылық деңгейі Оңтүстік Африка Республикасына тән. PISA тестілеу нәтижесі ОАР орташадан төмен деңгейге жатқызды. Оның себебі инфрақұрылымның ірі қалаларда ғана шоғырлануы және ауылдық жерлерде мүмкіншіліктің аз болуы.

Соңғы жылдары Қазақстанда географиялық сауаттылық деңгейі едәуір жақсарғанымен, көптеген проблемалар сақталуда. Білім беру жүйесінде география пәніне арналған бағдарламалар бар, бірақ кейбір аймақтарда бұл пәннің сапасы мен мазмұны әртүрлі болуы мүмкін. Еліміздің ірі қалаларында ғана цифрландыру процесі кеңінен жүргізілген. Яғни, шалғай жатқан елді-мекендерде жағдай нашар екенін білуімізге болады. Шалғай жатқан елді мекендердің көбісі ғаламторға тікелей қосылмаған, сондықтан біз бұл аймақтардың цифрландыруы біраз уақытқа дейін шешілмейтінін түсіне аламыз. Ұлан-ғайыр жерді толықтай игеріп, барлық Қазақстанды цифрландыруға көп уақыт кетеді. Қазақстанның географиялық ерекшеліктері мен табиғи ресурстары туралы білім беру өте маңызды, өйткені ол қоғамның экологиялық мәдениетін, экологиялық шаралары мен экономикалық даму бағыттарын түсінуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, дүние жүзінде географиялық сауаттылықтың деңгейі әр елдің білім беру жүйесіне, қоғамның ақпаратқа деген сұранысына және жалпы экономикалық жағдайына байланысты. Егер мемлекеттің геосаяси жағдайы тұрақты болып, білім саласына қажетті қаржы бөлініп отырған жағдайда біздің ел басқа мемлекеттермен салыстырғанда көш ілгері жүретіні сөзсіз. Ал қарама-қайшы жағдайда, яғни әлем елдерінде жүріп жатқан соғыс әрекеттері мен саяси қақтығыстар, ол мемлекеттердегі қоғамдық білімнің дамуына қиындық тудырады және ел дамуын артта қалдыратыны анық. Сол себепті білім деңгейі бойынша дамыған және дамушы елдер арасындағы арақашықтық басым. Әр мемлекет жыл сайын өтетін географиялық білім деңгейін зерттеуде қолданылатын PISA сынды халықаралық білімді бағалау үдерісіне қатысу арқылы білім мен қоғам саласында жаңа бетбұрыс жасай алады. Географиялық сауаттылықтың жоғары деңгейі адамзаттың әлемді дұрыс түсінуіне және ғаламдық мәселелерді шешуде тиімді шешімдер қабылдауға көмектеседі. Біздің елімізде бұл мәселені шешу үшін білім беру саласында реформалар мен жаңа жүйелі, сапалы әдіс-тәсілдерді енгізу маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Елубаева П., Ташқын Е., Беркінбаева Г. Тұрақты даму үшін қазақстандық білім берудегі проблемаларды шешу (2023)
2. Международная программа по оценке образовательных достижений учащихся - Википедия
3. «География сабағында инновациялық әдістерді қолдану» // Білім айнасы газеті
4. Әбілова З., Садықова М. (2018). Географияны оқыту әдістемесі. Алматы: Білім баспасы.
5. UNESCO. (2016). Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. Paris: UNESCO Publishing.
6. Финляндия PISA зерттеуіндегі көшбасшылар қатарында (2019). Это Финляндия
7. Германия — Pisa–2022. MKRU Германия(2023)
8. National Geographic Society. (2018). *What the World Knows: National Geographic-Roper 2018 Survey of Geographic Literacy*. Washington, D.C.
9. PISA-2022. Результаты

ӘОЖ 374.1

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Кожина А.Б., №43 «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақтөбе, Қазақстан
Абилхаирова Э.И., №43 «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақтөбе, Қазақстан

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты басты мақсат ретінде – «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде»

тәрбиеленушінің жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру» белгіленген. ХХІ ғасырдағы жаһандану жағдайында ұлттық мәдениет пен өркениетті үйлестіре отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру көзделуде.

Еліміздің болашағы – өскелең ұрпақты ойлы, іскер, өзіне сенімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары азамат етіп тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйымдардың, атап айтқанда балабақшаның орны ерекше. Себебі балабақша – баланың білім, дағды және іскерлікті меңгеруінің бастапқы кезеңі. Басты міндетіміз – әр баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін қалыптастыру, білімге қызығушылығын оятып, оқу-танымдық ынтасын дамыту.

Қазіргі ғылым мен технологияның жедел дамуы білім беру жүйесіне үлкен міндеттер жүктейді. Сондықтан жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғам алдындағы маңызды мәселе. Бұл әрбір тәрбиешіден шығармашылық ізденісті, жаңашылдықпен жұмыс істеуді талап етеді [1].

Балабақшада балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда басты рөл атқаратын фактор - олардың білім мен дағды деңгейі ғана емес, сонымен қатар баланың маңызды психикалық үдерістерін және ақыл-ой әрекетінің әдіс-тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Баланың шығармашылық қабілеттері де ойлау мен практикалық әрекет арқылы дамиды. Осыған байланысты, баланың ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар - дамыта оқыту сабақтары ретінде қарастырылады.

Ерте замандарда қазақ тілінде қазіргі «патриотизм» ұғымына сәйкес нақты сөз болмағанымен, бұл ұғым халқымыздың дүниетанымында, өмір сүру салтында терең орныққан. «Патриотизм» термині қазақ тілінің сөз қорына Қазан төңкерісінен кейін енген. Оның түп-төркіні грек тілінен шыққан, мағынасы — «жерлестік», «отандастық», яғни туған жерді, елді сүйу, оны қорғау деген ұғымды білдіреді.

Алайда қазақ халқы бұл ұғымды сөзбен айтпағанымен, іс-әрекетімен дәлелдеп келген. Батырлар бастаған халық елін, жерін жаудан қорғап, отанға деген шексіз сүйіспеншілікті көрсеткен. Қазақ халқының бойындағы ұлтжандылық пен отансүйгіштік сезім ежелден қалыптасқан және бұл қасиеттер халық ауыз әдебиетінде, әсіресе мақал-мәтелдерде кең көрініс тапқан.

Мысалы, «Туған жерге туың тік», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Туған жердей жар болмас, туған елдей ел болмас» сияқты мақал-мәтелдер қазақ халқының туған елі мен жеріне деген шынайы сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл сөз мұралары - халықтың патриоттық рухының айғағы.

Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу – қоғам мен әрбір ұстаз үшін үлкен жауапкершілік. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін алғашқы маңызды кезең – балабақша. Бұл ортада тәрбие мен оқытудың түрлі тиімді тәсілдері қолданылады. Солардың ішінде балалардың қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейтуге, белсенділігін дамытуға ықпал ететін ең пәрменді құралдардың бірі – танымдық ойындар мен дамыту жаттығулары.

Белгілі ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ойын – балалар үшін танымнан да қымбат» деген сөзі осы тұста ерекше маңызға ие. Танымдық ойындар мен арнайы ұйымдастырылған жаттығулар баланың психикалық даму процесіне оң әсер етіп, қоршаған ортаны жақсы түсінуіне, есте сақтау қабілетінің артуына, сондай-ақ тілдік дағдыларының дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Балабақша тәрбиеленушілерінің патриоттық сезімін қалыптастыру үшін, ең алдымен, әрбір тапсырманы сыни тұрғыдан ойлауға бағыттап, олардың шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту қажет. Бұл бағытта балалардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолы ретінде дамыта оқыту технологиясы мен ойын технологиясын қатар қолдану маңызды [2].

Дамыта оқыту – бұл оқыту үдерісінің мақсаты, міндеттері мен әдіс-тәсілдері баланың табиғи даму заңдылықтарына сай құрылатын оқыту жүйесі. Бұл жүйенің негізінде оқыту барысында баланың психикалық дамуында жаңа құрылымдар қалыптасып, сапалық өзгерістер орын алуы қажет деген тұжырым жатыр. Сондықтан да заманауи талаптарға сай шығармашыл әрі қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін дамыта оқыту жүйесі – ең басты бағдар ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқыту процесінде баланың ақыл-ойын, қиялын және басқа да танымдық үдерістерін дамыту ғана емес, сонымен қатар оны түрлі іс-әрекет түрлерінің белсенді қатысушысы, яғни субъектісі ретінде қалыптастыруға баса назар аударылады.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру – баланың ақыл-ой әрекетін игеруіне қолайлы жағдай жасау ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл үдерісте бала оқу әрекетімен айналысып, теориялық тұрғыда ойлау дағдыларын дамытады және білімді өз бетімен меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқыту – сабақтағы ерекше педагогикалық ахуал мен мұғалім мен бала арасындағы жаңаша қарым-қатынастың көрінісі. Мұғалім бұл жағдайда баланың танымдық белсенділігін бағыттап, шығармашылық қабілетін дамытуды басты мақсат етіп қояды.

Дамыта оқыту жүйесінде баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Осыған орай, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдов ұсынған жүйе үш негізгі компоненттен тұрады:

1. Оқу мақсаттарын айқындау.
2. Мақсатқа жету жолдарын бірлесіп талқылау.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Іс-шара барысында тек алғыр және пысық балалармен ғана белсенді жұмыс істеп қоймай, барлық баланың дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, әрқайсысының қабілеті жеткен деңгейге дейін еңбек ету ұйымдастырылса, әр баланың кез келген нәрсеге деген қызығушылығы артады.

Дамыта оқыту концепциясы ұлы неміс педагогы А. Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің негізінде жатыр. Ол дамыта оқытуды баланың білім алуға бағытталған әрекеттерін ұйымдастыру деп сипаттаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушыны өзін ізденуге жетелейді» деген сөздер осы ұғымды нақтылайды. Сонымен қатар, ойлау қабілетін дамытуға арналған іс-шаралар дамыта оқыту сабақтары ретінде арасырылады.

Білім мен тәрбиенің негізі балабақшада қаланады. Балабақшадағы балалар әр нәрсені білуге деген құштарлықпен, қолымен ұстап, көзбен көруге бейім келеді. Бірақ олардың зейіні тұрақсыз болғандықтан, бірсарынды оқу үрдісінен тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұнын жаңарту және тәрбие әдістерін жетілдіру мақсатында балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты ізденіс жасап, шығармашылық бағытта жұмыс жүргізуді ұйғардым.

Шығармашылық тақырыбым: «Балалардың танымдық белсенділіктерін арттыру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту». Әр сабағымды қызықты әрі ерекше өткізу үшін көптеген іс-шаралар ұйымдастыруға тура келді [3].

Танымдық белсенділік – бұл баланың білімге, оқуға деген ынта-ықыласы мен құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы, тәрбиеші баяндап жатқан материалды түсіну үшін баланың оны зейін қойып тыңдауы қажет. Сонымен қатар, өздігінен кітап оқу, бақылау жүргізу, тәжірибе жасау, жазу, сызу секілді әрекеттер арқылы баланың алған білімін кеңейтіп, тереңдетуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы түрде қайталау, жаңадан білім алу және оны меңгеру үшін белсенділік аса маңызды. Демек, балалардың белсенділігі оқу процесінің барлық кезеңдерінде, оның ішінде ауызша жұмыстар, бақылау және эксперименттік жұмыстар кезінде қажет.

«Таным» дегеніміз — ойдың білмеуден білуге, ал білуден неғұрлым толық және дәл білуге қарай бағытталған күрделі үрдісі. Танымдық белсенділік тұлғаның әртүрлі қарым-қатынастармен, мінез-құлық түрлерінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен байланысы, танымдық процестерге қатысу және осы процестердегі қатысушылар арасындағы танымдық өзара әрекет маңызды болып табылады. Сонымен қатар, адамның жоғары танымдық процестерінің даму деңгейі мен белсендірілуі, тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті арқылы үнемі ізденіске жетелейді.

Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы төрт - алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді. Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік[4].

Бала ойын баласы болғандықтан, ойнау барысында ол бір нәрсені қабылдайды, еске түсіреді, ойлайды және қиялдайды. Балабақшадағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың танымдық қабілеттерін дамыту аса маңызды. Балалардың білімге, еңбекке, қоршаған ортаға деген қызығушылығы, адамдармен қарым-қатынасы, сондай-ақ сөздік қоры мен ойлау қабілеттерінің дамуы мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бала ойыны қоғамдық және ұжымдық сипатқа ие болып келеді. Мысалы, кез келген бала жалғыз ойнамайды, ол міндетті түрде құрбыларымен бірге ойнайды, ал ойын арқылы олар өзара қарым-қатынас орнатады. Бұл өз кезегінде баланың дамуы үшін маңызды фактор болып табылады.

Ойын – баланың түрлі қасиеттері мен дағдыларын дамытуға ықпал ететін белсенділік, ол бірқалыпты түрде қалыптасады, және бұл жағдайды А.С. Макаренко өте жақсы көрсеткен. Ол: «Үлкендер үшін жұмыс, қызмет, әрекет ету маңызды орын алады», – деп жазған. Балалардың өмірінде де ойын ерекше маңызға ие. Ойын баланы ортақ мақсатқа ұжымдық жауапкершілікке, табысқа бірге жетуге үйретеді. Ұжымдық ойындар барысында бала жолдасының мәнін түсініп, өзінің мінез-құлқының кейбір теріс қырларынан (тартыншақтық, менмендік, өкпешілдік, қынырлық) ұялып, олардан арылуға тырысады. Мысалы, бір бала ұйымдастырушылық қабілетін көрсетсе, екіншісі табандылық пен жігерлілігін байқатады. Бұл ойынның моральдық және эстетикалық сезімдердің қалыптасуына әсері зор. Мысалы, орманда ойнау балаларды туған жерінің табиғатын сүюге, өзендер мен көлдерге, өсімдіктер мен жануарларға қызығушылықпен қарауға тәрбиелейді. Балалардың алғашқы ойындары заттық ойындар болып табылады. Олар ойыншықтарға, басқа да заттарға өзгеше көзқараспен қарап, олармен әрекет етуге қызығушылық танытады.

Балалар бір жарым жастан бастап үлкендердің көрсеткен әрекеттерімен қатар, өздері бақылаған әрекеттерді де қайталауды бастайды. Олар қуыршақты құшақтап, оны сүйеді — бұл рөлдік ойынның бір түрі. Осы рөлдік ойындар арқылы бала тамақтануды, үстелге таяқшалармен жазу жазуды, кітап оқу әрекеттерін жасайды. Бір жарым жасқа жеткенде, балалар үлкен адамдардың әрекеттерін қайталай отырып, өздерін үйдегі ересек адамның ролінде сезіне бастайды. Бұл кезең мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Өз тәжірибемде балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда танымның маңызды ролін айқындауды мақсат тұтамын. Ойын – таным процесінің дамуының негізі болғандықтан, әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде үнемі қолдануға тырысамын. Мысалы: «Айырмашылықты тап» ойыны бойынша:

а) Мына екі ақ қала арасындағы айырмашылық неде? Бір қала суреті үш бөліктен тұратын геометриялық пішіндермен бейнеленген; оның мұрны қандай пішінде, қолы, аяғы, көзі, түймелері қалай ерекшеленеді?

ә) Сәуле екінші үстелге не қоюды ұмытып кетті? Бір үстелде барлық заттар дұрыс қойылған: құмыра, гүл салғыш, тәрелке, қасық, шанышқы. Ал екінші үстелде кейбір заттар жетіспейді. Қай заттар қойылмай қалды?

Балаларға екі қуыршақты мұқият қарап, екінші қуыршақта қандай өзгеріс болғанын айтуды ұсыну керек. Тапсырманы орындау барысында баладан алдымен бірінші қуыршаққа, кейін екінші қуыршаққа назар аударуын сұрау қажет. Осылайша бала екі қуыршақты салыстырып, өзгерістерді байқауға үйренеді. Педагог ойын жаттығулар арқылы баланың белсенді қабылдау қабілетін дамытуға, сондай-ақ оның байқағыштық қасиетін тәрбиелеуге ықпал етеді. Мысалы, «Заттарды тап» жаттығуы баланың көру қабылдауын дамытады. Бұл жаттығу арқылы бала тығылып қалған заттарды тауып, байқағыштық қабілетін шыңдайды. «Бірдей гүл салғышты тап» жаттығуында бала суреттен бірдей гүл салғыштарды табуы тиіс. Мектепке дейінгі жас баланың ақыл-естің жедел дамидығын кезеңі есте сақтау қабілетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы, суретке мұқият қарап, онда салынған заттарды есінде сақтап, кейін суреттерді жапқаннан соң, қандай заттарды көргенін атау арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға болады. Бұл жаттығулар баланың есте сақтау қабілетін арттыру үшін өте тиімді болып табылады.

Қорытындылайтын болсақ, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, сондай-ақ іскерлігіне тікелей байланысты. Осыған байланысты, балабақшадағы

оқу үдерісінде балалардың танымдық қызығушылығын арттыру және дамыту, олардың болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқыту барысында білім беру, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда әртүрлі әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданудың маңыздылығы айқын көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбергенова, Р.Т. (2010). Мектепке дейінгі балаларды дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы: «Білім» баспасы.
2. Абдуллаева, А. М. (2015). Балалардың танымдық дамуын ойын арқылы ұйымдастыру. Алматы: Қазақ университеті.
3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары – Алматы, – 2000.
4. Сапарова, Б. М. (2017). Балабақшада балаларды дамытуда ойынның рөлі.

УДК 374.1

ОСОБЕННОСТИ РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ СРЕДЫ

Какимова В.Е., Детский сад №43 «Гүлдаурен», Ақтобе, Казахстан

Речевое развитие – один из важнейших факторов становления личности ребенка дошкольного возраста. В условиях цифровой эпохи дети проводят значительное время за экранами и находятся под воздействием обширных информационных потоков, что оказывает прямое влияние на их коммуникативные навыки и когнитивное развитие.

Результаты современных исследований фиксируют рост количества случаев задержки речевого развития у дошкольников. Согласно данным Министерства образования Республики Казахстан, примерно у 18% детей наблюдаются признаки нарушений речевой деятельности, что может стать серьезным препятствием для их успешного обучения и социальной адаптации в дальнейшем [1, с. 214].

Сложность усугубляется также недостаточной вовлеченностью взрослых в процесс речевого развития. Нередко родители полагают, что речь формируется сама собой, без специальных педагогических усилий. Подобное представление приводит к отсутствию систематической работы по развитию речи, которая особенно актуальна в современных условиях, где цифровые технологии занимают центральное место в жизни ребенка.

Педагогические организации сталкиваются с трудностями при адаптации традиционных методик к современным условиям. Несмотря на наличие инновационных подходов, многие учителя продолжают использовать устаревшие способы обучения, не принимая во внимание особенности восприятия информации детьми нового поколения [2, с. 265]. Дети сегодняшнего дня растут в среде, насыщенной цифровыми технологиями и интерактивными ресурсами. Это открывает перед ними новые формы общения и взаимодействия, но одновременно порождает ряд трудностей:

Проблема №1: Чрезмерный поток информации

Современные цифровые устройства открывают доступ к огромному объёму сведений, которые ребёнок далеко не всегда способен осознанно воспринять и правильно оценить. Недостаточно развитые навыки критического мышления и анализа могут привести к умственному перенапряжению и затруднениям в общении.

Проблема №2: Снижение значимости живого общения

Гаджеты и онлайн-сервисы зачастую подменяют непосредственное взаимодействие между детьми и взрослыми. Смартфоны и планшеты нередко используются родителями как средство отвлечь ребёнка, однако чрезмерная увлечённость ими отрицательно влияет на развитие речи и коммуникативных способностей. Недостаток личного контакта с окружающими тормозит эмоциональное становление ребёнка и формирование социальных умений. В результате дети всё чаще предпочитают визуальные и мультимедийные стимулы полноценному устному взаимодействию.

Проблема №3: Ограниченная адаптация образовательных методик

Многие учебные программы не успевают своевременно перестраиваться под условия цифровой среды. Педагогические подходы нередко остаются позади реальных запросов современных детей, что снижает результативность обучения [3, с. 267].

Создание эффективных педагогических решений требует значительных финансовых затрат, привлечения компетентных специалистов и наличия современного технического обеспечения. Однако школы и дошкольные организации не всегда обладают достаточными ресурсами для оперативного обновления содержания и методов обучения.

Кроме того, педагоги старшего поколения, воспитанные в иной информационной среде, подчас сталкиваются с трудностями в понимании специфики восприятия информации современными детьми. Например, ребёнок сегодня привык усваивать материал через визуальные образы и быстро переключаться между различными источниками, тогда как учитель чаще ориентируется на устные объяснения и печатные пособия.

Для эффективного преодоления обозначенных трудностей рекомендуется внедрять современные педагогические подходы и методы, которые учитывают специфику восприятия и развития детей в условиях цифрового общества: